

ЖШС Көлбастау сервис «QULYNSHAQ» балабақшасының
2023 –2024жж оқу жылының
№ 1 педагогикалық кеңесі.

29.08.2023

Сағат: 13.00

Тақырыбы: Балабақшасының жаңа оқу жылына дайындығы

Мақсаты: Балабақшада оқу тәбие жұмысын ұйымдастыру

Күн тәртібінде

- Педагогикалық кеңестің құрмын бекіту, хатшысын сайлау.
- Балабақшада педагогикалық ұжымын жылдық жоспары, оқу жоспары, күн тәртібімен таныстыру, талқылау және бекіту.
- Оқыту – тәрбиелеу процесінде пайдаланылатын бағдарламалар педагогикалық техникалар.

Жауапты

әдіскер

- Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап жұмыс жоспарын құру.

Жауапты

әдіскер

- Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту

Жауапты

әдіскер

1.Таңдалды. Балабақша меңгерушісі Тойғанбаева Л.Ж.

Балабақша директоры педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. 2022-23 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламалардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұйғарды.

Шешім.

- 1)Педагогикалық кеңестің құрамына директор (төраға), әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер бекітілсін.
- 2)Педагогикалық кеңес хатшысы болып әдіскер – Бопишева Н.А.сайлансын.

2.Тыңдалды. - Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат міндетімен таныстырып өтті. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын биылғы оқу жылының міндеттемесіне сәйкестендіріп өзгертіп алғандығын айтып әр тәрбиешінің жеке мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті.

Сөз сөйлеген:- Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды жүзеге асыру арқылы, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және іс-шараларды өткізетін жауапты адамда нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын.

Сөз сөйлеген:-Тәрбиеші Больтрикова Д. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат міндеттерін шешуге арналған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

ШЕШІМ:

1. 2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.
3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін мониторинг жылына үш рет қыркүйек, қаңтар және мамыр айында жүргізілсін. Мониторинг жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын. Жауапты әдіскер және топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі қыркүйек, қаңтар 2024ж, мамыр 2024ж.

3.Тыңдалды: Әдіскер.- Күн тәртібінде қаралатын тағы бір мәселе жас мамандарды анықтап, көмек көрсету іс-жоспарын бекіту.

ШЕШІМ: Жас мамандармен жұмыс кестесі құрылып – жүзеге асырылсын

Жауапты : Өдіскер

- 1.Оқу барысында, көрнектіліктер жыл мезгіліне байланысты безендірулер жасау.
- 2.Қысқа мерзімді жобаларды жүзеге асыру.

Төрайым:

Тойғанбаева Л.Ж.

Хатшы:

Бопишева Н.А.

ЖШС Көлбастау сервис «QULYN SHAQ»
балабақшасының 2023 –2024жж оқу жылының
№ 2 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

28.11.20223

Сағат: 13.00

Тақырыбы: Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайтуды қолдану.

Күн тәртібінде

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

Әдіскер:

2. балалардың логикалық ойлауын дамыту

Тәрбиеші:

3. Интеллект ойындарының артықшылығы

Педагог:

1.ТЫҢДАЛДЫ: Меңгеруші өз сөзінде №1 педагогикалық кеңесте: 2023-2024 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін;

2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін;

3. Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін индикатор жылына үш рет қыркүйек, желтоқсан және мамыр айында жүргізілсін. Индикатор жүргізу барысында дидактикалық материалдар мен құралдар қолданылсын;

4. Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен

бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Дамыта оқыту», «Тәй-тәй», ӨТШТ, ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолданын;

5.Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын деп шешім қабылданған болатын. Осыған байланысты қандай жұмыстар атқарылды, №1 педагогикалық кеңестің шешімі толықтай орындалды ма деп сұрақ қойды. Бұл сұраққа балабақша әдіскері жауап берді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: әдіскер- Жылдық жоспардың негізінде қыркүйек, қазан айларына жоспарлар құрылып, балабақша қызметкерлері сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Жылдық жоспарға қарай тақырыптық оқу қызметі, ата-аналарға кеңес, тәрбиешілерге арналған семинар, отбасылық эстафеталық жарыс, балалар жұмысынан көрме, №1 өндірістік отырыс, топтық және жалпы ата-аналар жиналысы , әдістемелік отырыс, балабақшаның "Оқыту-тәрбиелеу үрдісінде ауыз әдебиетін пайдалану арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту» міндетін шешу мақсатында ашық оқу қызметі өткізілді. Аттестаттау комиссиясының № 1 отырысы өткізілді. Күнделікті аурудың алдын алу шараларын жүргізу, балалардың серуенде ұзақ болуын қадағалау, топтарда температураны қатаң сақтау, сүзгі жүргізу, балабақша қызметкерлері және ата-аналар арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу, топтардағы ауа режимін ұйымдастыруын қадағалау, баланы далада таза ауада қабылдау, ертеңгілік жаттығуды таза ауада ұйымдастыру, тыныс алу жаттығуларын, ұйқыдан кейінгі жаттығуды ұйымдастыру, балабақша айналасындағы денсаулық жолақшаларымен жүру, қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру, таза ауадағы серуенді ұйымдастыру, серуен кезінде қимылды ойындарды ұйымдастыру, ауа, күн ваннасын қабылдау, массажды кілемшелерде, қырлы тақталарда жалаңаяқ жүру, мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыру, балабақша ауласын түскен жапырақтардан тазарту жұмыстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ жеке сұрақтар қойылды. Оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиешілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Дамыта оқыту», «Тәй-тәй», ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдану үстінде. Аттестаттау комиссиясының құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарып жатыр.

ШЕШІМ: №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер баланың даму деңгейінің көрсеткішіне тоқталды. Қыркүйек айында айлық жоспарға сәйкес баланың даму деңгейін анықтау мақсатында барлық топтарда индикатор жүргізілген болатын. Бұл бастапқы индикатор. Индикатор жүргізбес бұрын тәрбиешілермен бірігіп отырып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «12» тамыз № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» негізге ала отырып бес білім саласы бойынша сұрақтар құрдық. Индикатор жүргізгендегі негізгі мақсатымыз баланың даму деңгейі қандай соны анықтау болды. Әрине, балабақшаға бұрыннан келіп жүрген балалардың даму деңгейі тұрақты.

ШЕШІМ: Баланың даму деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген индикатор қорытындысының негізінде барлық топ балаларымен бес білім беру саласы бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Баланың жеке даму траекториясының болжамын жасау парағын негізге ала отырып әр баламен жеке жұмыс жүргізілсін. Жауапты барлық топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі 2021 жылдың қараша, желтоқсан айлары.

Тыңдалды:.- баяндама Ерте жастан балалардың логикалық ойлауын ойын арқылы дамыту. Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская «Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады». Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді.

Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

ШЕШІМ: Балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке қабілеттерін ескере отырып ұйымдастырылатын оқу-тәрбие түрлерінде баланың негізгі іс әрекеті

ойынға мән беру ертежастан логикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында пайдалануды жалғастыру. Баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамытуда балалардың жас ерекшелітеріне қарай тәсілдерді іріктеп тиімді пайдалануды жүзеге асыру. **Жауапты топ тәрбиешілері.** Орындау мерзімі 2023--2024 оқу жылы барысында.

Тыңдалды: Интеллектум ойындарының артықшылығы- мастер клас - балабақшамыздағы интеллектум ойындарынан мастер класс ұйымдастырылды. — Интеллектум — арнайы ойындар көмегімен баланың ой-өрісін дамытып, тез шешім қабылдай алуына, шапшаңдығын арттыруға

жол ашатын бағдарлама. Интеллектум жүйесінде 32 түрлі ойын негізінде алынған. Біздің балабақшада 30 ойын түрімен балалардың ойлау жүйесін жақсарту жолында жұмыс атқарамыз. Ойын құралдарының барлығы табиғи заттардан дайындалған, Түркия елінен арнайы тапсырыспен алынған, — дей келіп, тәрбиеленушілермен бірнеше ойын түрін ойнатып көрсетті.

Сөйледі: тәрбиеші Мастер класстан өзімізге керек көп материалдар алдық. Интеллектум ойындары арқылы баланың танымдық ойлауын жан- жақты қамытуға болатынына көзіміз жетті.

Шешім №2 педагогикалық кеңеске «Таным» білім беру саласы бойынша ашық оқу қызметі қойылды. Балалардың жас ерекшелігін ескеріп ұйымдастырылсын. Тәуелсіздік мерекесіне тематикалық оқу қызметі ұйымдастыру.

Төрайым:

Тойғанбаева Л.Ж.

Хатшы :

Бопишева Н.А.

**ЖШС Көлбастау сервис «QULYN SHAQ» балабақшасының 2023 –
2024 оқу жылының**

№3 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

17.01.2024жыл

Сағат:13.00

Тақырыбы:

2023– 2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығына қорытынды есеп.

Мақсаты: Оқу тәрбие жұмысының сабақтастығы.

Күн тәртібінде

- №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

Жауапты:

- Оқу тәрбие үдерісіндегі жарты жылдық қорытынды есеп

Жауапты:

- Балалардың денсаулығы туралы жарты жылдық қорытынды

Медбике :

- Жалпы жарты жылдық қорытынды мамандардың

Тыңдалды: №2 педагогикалық кеңесте барлық топтар танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту бойынша оқу қызметтері қойылды. Барлық топ жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асырып smart мақсат қойып тамаша оқу қызметтерін жүзеге асырды. Орта топ тәрбиешісі Агаманова М. «Ойнап жүйрік ойлайық» тақырыбында оқу қызметін жүргізді. Кейіпкер келіп Сайқымазақ кіші топтағы балаларды пішіндер әлеміне саяхат жасатып, 1ден 5ке дейінгі сандардың сиқыры тақырыбында орта топ Балапан тобында оқу қызмет ұйымдастырылды. Тәрбиеші тапсырмалар қою арқылы тақырыпты аша алды. Балалар өте жақсы белсенділік танытты. Қалған топтарымызда оқу қызметтері қызықты нәтижелі ұйымдастырылды.

ШЕШІМ: №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

Тыңдалды: Әдіскер: Тыңдалды: 2023 – 2024 оқу жылының алғашқы жарты жылдығын қорытындыласақ. Алғашқы жарты жылдықта «Таным» білім беру саласы жүзеге асырылды. Оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде педагогтармен сиқырлы сандар әлемі, «Интеллектум сырлары» тақырыбында эстафеталар ұйымдастырылып кеңінен түсіндірілді. Әр жас ерекшелігіне тоқталып анықтама берілді. 4 жас ересек топтың білім деңгейлерін анықтап қызықты эстафеталар жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылды. Педагогтарымызбен ханымдар эстафетасы ұйымдастырылды(толығырақ баяндамада)

Сөйледі: (тәрбиеші) Эстафеталық ойын көңілді болды, қызықтыра отырып «Таным» білім беру саласын аша алды. Педагогтар арасында жақсы-қарым қатынас құруға жақсы ықпалын тигізді

Тыңдалды: (тәрбиеші):

Ересек топтың қорытындысын толық түсіндірді. Өтілген тақырыптарға жеке-жеке тоқталды. Балалардың тақырыптарды меңгере алмау себептерін айтты. Ол – баланың балабақшаға жаңадан келуі, ұяңдығы, балабақшаға жиі келмеуі болды. Сонымен қатар жеке түзету жұмыстарының да жүргізіліп жатқанын айтты.

.Барлық мамандардың қорытындысы – барлық материалдар слайд түрінде тапсырылды : Жауапты Әдіскер

Тыңдалды: Әдіскер Құрметті әріптестер сіздерге тамаша ұсынысым бар ,өздеріңіз білетіндей балабақшамыз әр ай сайын қысқа мерзімді жобалар іске асыруда .Өткен Тәуелсіздік күніне орай балаларға Мен Қазақстанның бір бөлшегімін жобасын ұйымдастырсақ .Еліміздегі кішкентай патриоттарды өз бақшамыздан тәрбиелеуді бастасақ .Өз елінің дамуына атсалысатын білікті мамандар азаматтар тәрбиелеуді бастасақ

ШЕШІМ: Балабақшамызда осы айда « Мен Қазақстанның бір бөлшегімін,Мен кішентай Инжинермін » жобалары жүзеге асырылсын .Мерзімі 2024 жылдың қаңтар айы .

Жауапты : **Әдіскер**

Төрайым:

Тойғанбаева Л.Ж.

Хатшы:

Бопишева Н.А.

ЖШС Көлбастау сервис «QULYN SHAQ» балабақшасының

2023-2024 оқу жылының

№4 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

06.04.2024 жыл

Алматы қаласы

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар: 5

Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Мақсаты: Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша қысқа мерзімді жобаларды жүзеге асыру арқылы баланы жан-жақты дамытып, мені қоршаған әлем тақырыбын ашу.

Күн тәртібі:

- №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.

Жауапты:

- Дәстүрлі қазақтың ою-өрнектерін фетрмен нақыштау.

Жауапты:

- Ұлттық ойындарды жетілдіру.

Жауапты:

- **Тындалды:** Әдіскер №3 педагогикалық кеңесте барлық мамандардың жарты жылдық қорытындысы талқыланды. Талқылау жұмысынан кейін балаларға жеке жұмыстар жүргізілді. №3 педагогикалық кеңеске қойылған талаптар бойынша – «Мен Қазақстанның бір бөлшегімін» атты қызықты жоба ұйымдастырылды. Жобаның мақсаты – Еліміздің барлық байлығын көрсетіп, оны қастерлеп құрметтеуге үйрету және де дағдыларын

қалыптастыру. Жоба өз мақсатына жетті, 1 ай көлемінді ұйымдастырылған болатын. Соңында ашық іс- әрекетімізде те ұйымдастырылды. Соынмен қатар ерсек 4+ жастарымен «Инженериум» атты жоба ұйымдастырылды. Балалар интеллектум ойыншықтарын пайдаланып, 1 ай көлемінде қызықты ойындарды өткізді. Балалар магнитті құрастырғыштан тасбақа, көлік, күн құрастырды. Соңында топпен ашық іс- әректімізде ұйымдастырылды.

- **ШЕШІМ:** №3 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

Сөйледі: инженериум жобасы біздің тобымызбен ұйымдастырылды. Қызықты, пайдалы жоба екенін айтты. Ата-аналар да видеоларын көріп, өз рахметтерін айтып, алғыстарын білдірді. Балаларды дамытуға арналған қызықты жлба екенін айтты.

- **Тыңдады:** Дәстүрлі қазақтың ою-өрнектерін фетрмен нақыштау.Қазіргі уақытта балабақша табалдырығынан бастап балаларымызға ұлттық құндылықтарымызды сіңіруді дағдыландыруымыз қажет. Әдемі ою-өрнектер мен сый-сөмкелер жасап, оны оюмен безендірдік.

Шешім ; Барлық топта жас ерекшелігін ескере отырып сый –сөмкелер жобасын жүзеге асыру ,аналарға сыйға тарту,ұлттық құндылықтарымызды жандандыру

Жауапты : Әдіскер,топ тәрбиешілері

- **Тыңдады:** Ұлттық ойындарды жетілдіру Ұлттық ойындарымыз біздің төл қазынамыз. Тек қана ашық ойын қызметтерінде ғана емес, күнделікті серуенде, дене шынықтыру, оқу қызметінде, сонымен қатар ата-аналармен мастер кластар, ашық есік күндерін ұйымдастыруға болатынын айтты.

Шешім ; Барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттерімізде ұлттық ойындарымызды жас ерекшелігіне сай етіп қосу,Балалардың денсаулығын нығайту .Ұлттық рухымыз бен салт-дәстүрімізді жандандыру .Барлық топ тәрбиешілері бірауыздан қолдады

Жауапты : Әдіскер, топ тәрбиешілері

- **Тыңдады:** Директор Қайырлы күн, әріптестер! Алматы қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына байланысты Алматы қаласында қызылшаның таралуына жол бермеуге бағытталған эпидемияға қарсы шараларын сақтауларыңызды сұраймыз. Жұмыс уақытында карантин талаптарын толық сақтауларыңызды сұраймыз, талап етеміз.

Шешім ; Карантин талаптарын сақтауға бір ауыздан келісті

Жауапты : Жауапты: Медбике

Төраға:

Тойғанбаева Л.Ж.

Хатшы:

Бопишева Н.А.

ЖШС Көлбастау сервис «QULYNSHAQ» балабақшасының

№5 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы: Оқу жылын қорытындылау.

Мақсаты: Жыл бойына жаасалған жұмыстарды саралап, жаздық жоспарды бекіту.

Күн тәртібінде

- 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы

Әдіскер:

- Білім беру салалары бойынша балалардың даму деңгейлерінің көрсеткіштері мен бағдарламаларының орндалуы туралы есеп (мониторинг)

Барлық тәрбиешілер

- №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

Әдіскер:

- Жаз айының сауықтыру-шынықтыру шаралары күн тәртібі, перспективалық жоспар ,циклограмма талқылау, бекіту

Әдіскер:

Тындалды: 2023--2024 оқу жылында балабақшамызда барлық тематикалық оқу қызметтер жүргізілді. Сонымен қатар ата-аналармен қашықтықтан семинарлар жиналыстар жүргізілді. Мерекелік іс-шаралар толығымен жүргізіліп, ата-аналарға видео ретінде ұсынылды. Ата-аналар өздерінің ұсыныс пікірлерін алғыстарын айтты. Ең қызығы «Аналар асыл жандар» ертеңгілігі болды. Әр топтың жеке-жеке дайындаған видео роликтері аналардың жүректерін елжіретті. Сонымен қатар балабақшамызда жылдық міндеттемелерімізді жүзеге асыру мақсатында «Әлеумет білім беру» саласынан қоршаған орта оқу қызметінен, Гүлдер

бақшасы жобасы жүргізілді. Бұл жобада балаларға қоршаған орта жайында білімдерін бекітіп, өсімдікке қамқорлық жасауға тәрбиеледік. Бір ай көлемінде балалармен гүлдің тұқымынан бастап, өсуін, кейбір топтарға сәбіз, пияз тектес көкөністердің өсуін зерттедік. Балаларға пайдасы жайында айтуды да ұмытпадық, өздерінің ас мәзірлеріне осы көкөністерді қосуға дәрумендерімен ағзаларын байытуға ұсыныс айттық. Бұндай жобалар балабақшамызда 1 ғана емес әр ай сайын жүргізілді өздеріңіз куәсіздар (толығырақ баяндалады)

Тыңдалды: Біздің орта тобымыз «Балауса» тобында балалар 3-4 жас ерекшелігі биыл оқу жылында балабақшамызға қабылданып болатын барлық балалардың бейімделу кезеңі жеңіл өтті. Оның жеңіл өтуіне балабақшамыздың психолог маманының тікелей ықпал етуі болып есептелінеді. Балалар балабақшаға толығымен бейімделеді, әлеуметтенеді. Білім беру салалары бойынша әр баламен жеке түзету жұмыстары жүргізілді (мониторинг) қоса көрсетілді. Ата-аналармен де жеке жұмыстар жүргізілді.

Тыңдалды: ересек топ тәрбиешісі 4-5 жас ерекшелігі бойынша балалар қойылған барлық оқу- қызметтерін толық меңгерді. Оқу жылының жарты жылдығынан бастап балалармен жеке жұмыстар жүргізілді. Ата-аналарымен де тығыз байланыста жұмыс жүргізе отырып жақсы нәтижеге жеттік (мониторинг) нәтижелері қоса берілді.

Сөйледі: Әдіскер: Құрметті әріптестер біздің басқамызда 3-4 жас ерекшеліктерінде балаларда психологиялық дамуында жалпы барлық балада кездесетін өзгерістер болғандықтан жеке жұмыстарды жаз айында да тоқтатпауды сұраймын. Ертегі терапиясын қолданып балаларда болатын түрлі қиындықтардың алдын алуға атсалысқым келеді. Қиындық дегенде: Өз-өзіне қызмет ету дағдысы, баланың жеке шекарасы, достарымен қарым – қатынасын, оқу үлгерімін, дейінін дамытуға әсір Ертегі терапиясының берер пайдасы мол.

Шешім: Жаз айларында психологпен бірлесе отырып ертегі терапиясының жоспарын құру, жүзеге асыру.

Жауапты: Әдіскер, топ тәрбиешілер

Тындалды: 4-5 жас ерекшелігі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттық талаптарын орындау мақсатында үлгілік оқу жоспарының мазмұнын игеріп бақылау ойын, әңгімелеу, сұрақ жауап арқылы балалармен жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар диагностика нәтижелері бойынша жеке жұмыстар жүргізілді. Мамыр айындағы қорытынды нәтижелер ұсынылды(слайдта көрсетілді, қоса тіркелді)

- **Тындалды: Әдіскер:** №4 педагогикалық кеңеске қойылған барлық талаптар орындалды.— ұйымдастырған Ұлттық ойындарды қолдайық семинары жемісті болды. Мектепке даярлық топтар арасында да ұлттық ойындар салыстыра ұйымдастырылып балалар марапатталды.Дәстүрлі қазақтың ою-өрнектерін Фетр матасымен сөмкелер жасап ою-өрнекпен безендіріп аналарға әр топта сый-сөмкелер ұйымдастырылды. Жүзеге асырған:

Шешім: №4 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

- **Тындалды: Әдіскер** Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрілігінің «Мектепке дейінгі балалы шақ» Республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023жылғы 30 мамыр айының №5(педагогикалық) хаттамалық шешімімен жазғы сауықтыру жұмыстарын жаз кезіндегі күн тәртібін ойын түрінде ұйымдастырылған оқу кестесін, ас беру уақыттарын, серуен уақыттарын, перспективалық жоспарын талқылап бекітуді ұсынды.
- **Шешім:** Жазғы сауықтыру жоспарымен таныстырылды, талқыланды. Бір ауыздан оң шешім болды. Күн тәртібі, перспектива, айлық іс-шаралар бекітілсін.

Жауапты: Әдіскер, медбике тағайындалсын

Төраға:

Тойғанбаева Л.Ж.

Хатшы:

Бопишева Н.А.

